

## ТҮЙІНДЕМЕ

Құрманбаев Қайрат

Туған күні: 10.12.1976

Туған жері: Ақтөбе облысы.

2001 жылы Ливиядағы Бүкіл Әлемдік Ислам Университетіне қарасты екі жылдық колледжге оқуға түсті. Аталған колледждің исламтану мамандығын бір жылда үздік аяқтап, 2002 жылы университетке қабылданды. 2006 жылы осы оқу орнын бітіріп, «Араб тілі және исламтану лиценциаты (бакалавр)» академиялық дәрежесін алған.

2007 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «6N0206-Дінтану» мамандығы бойынша мемлекеттік грантпен магистратура бөліміне оқуға түсіп, 2009 жылы аталған оқу орнын үздік тамамдап, «Дінтану бакалавры» академиялық дәрежесін алды.

2012-2015 жылдар аралығында Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті «6D021500 – Исламтану» мамандығы бойынша докторантура бағдарламасын толық игеріп, 29.12.2015 жылы «Хусамуддин әс-Сығнақи еңбектеріндегі «усул әл-фикһ» ілімінің лингвистикалық негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

04.04.2016 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің шешімімен тұңғыш Исламтану мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесі берілді.

### **Жұмыс тәжірибесі:**

- 2006-2011 жж. Шет тілдер және іскерлік карьера университетінде шет тілдері, дінтану кафедраларында аға оқытушылық қызмет.

- 2006-2018 жж. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің исламтану кафедрасында аға оқытушы.

- 2016-2017 жж. Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Әбу Ханифа ғылыми-зерттеу орталығында бас маман.

- 2016-2018 жж. «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті жанындағы Экстремизмнің алдын алу саласында мамандарды қайта даярлау институтының директоры.

- 2017-2018 жж. «Әбу Ханифа» ғылыми зерттеу орталығының директоры.

- 2018 жылдан бастап ҚМДБ жанындағы ғұламалар кеңесінің мүшесі

- 2018 жылдан бастап «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры.

- 2021 жж. Қазақстан Дінтанушылар конгресінің төрағасы.

- 2021 жж. Н. Назарбаев орталығының директорлар кеңесінің мүшесі.

**Ғылыми еңбектері:** 2 монография, 2 оқу құралы, 5 кітап, 30-дан астам ғылыми мақаланың авторы.